

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КИЕЛІ ТАУ МЕН КИЕЛІ АҒАШ ОБРАЗЫ

*Юсуп А.Н.¹, Таңжарыкова А.В.², Юсуп П.К.³, Куттыбаев Ш.Д.⁴

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан, e-mail: ayzhan.yusup@mail.ru,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауым.
профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: alua1973@mail.ru,

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан, e-mail: farhat.yusup.70@mail.ru,

⁴Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы, Қазақстан, e-mail: shokan-kuttybaev@mail.ru

Аңдатпа. Әр кезеңде де адамзат баласына беймәлім, әлемдегі сыр мен құпияға толы мистикалық, сакралдылық мәселелер бүкіл ойшылдар мен ғалымдарды қатты толғандырған. Сол себепті киелі жерлер түрлі ғылым саласының зерттеу нысанына айналып, олардың құпияға толы тылсым күшін танып білудің, зерттеудің өзектілігі артты. Ұсынылған мақаланың мақсаты – әлем әдебиетіндегі киелі тау мен киелі ағаш образының көркемдік-бейнелі көрінісіне талдау жасау. Соның негізінде киелі жерлерге тән жаратылыс құпиялары мен табиғат тылсымдары туралы көзқарастарға сараптау жүргізу көзделеді.

Зерттеу жұмысын жазу барысында салыстырмалы, құрылымдық, интерпретациялық талдау әдістері пайдаланылған. Негізінен әлем мифологиясында киелі жер образы әрбір халықтың тарихи даму үдерісінен, ұлттық таным-түсінігінен мол хабар беретін архетиптік бейне ретінде маңызды рөл атқарады. Халық жадында әлі күнге дейін қасиетті мекендер мен нысандарға деген қызығушылығы толастаған жоқ. Соған сай бүгінгі күнде де әулиелі жерлерге түнеп, киелі ағаштарға, киелі тауларға, т.б. тәу ету дәстүрі сақталған. Жұмыстың нәтижесі ретінде әлем мифологиясындағы киелі нысандар, атап айтқанда, киелі таулар мен киелі ағаштар туралы мәтіндердегі адам мен табиғат, адам мен киелі нысан арасындағы байланысты, киелі жерлер бейнесінің адамзат баласына тигізген әсерін жан-жақты талдануын айтуға болады. Соған сай көркем әдебиеттегі бүгінгі қоғамдық ой-пікірлер туғызған авторлық идея мен шығармашылық концептілер айқындалады. Зерттеу жұмысының құндылығы көркем мәтіндегі мифтік сарын, символ-бейнелердің философиялық астары мен халық шешімінің ерекшеліктеріне талдау жасалынуынан көрінеді. Алынған нәтижелерді әдебиет сабақтарында көркем шығармаға образдық талдау және де студенттердің оқырман ретінде интерпретациялық талдау жасау барысында негізге алуға болады.

Тірек сөздер: мифология, сакралды, киелі жер, мифтік сана, архетип, киелі мекен, символ, таным.

Негізгі ережелер

Әлем өркениеті мен мәдениетінде киелілік ұғымы көнеден қалыптасып дамыған. Оның тарихы адамның дүниені танудағы басты құралы ретінде ерте кезеңдерден басталады. Әлемдік мифология мен этнографияға қатысты көптеген зерттеулерде ерте кездегі адамдардың әлемді тану-білуге қатысты түсініктері қазіргі адамдардан мүлдем бөлек болғандығы айтылады. Олар оны әлемде болып жатқан процестерге қатысты құбылыстар деп қана қарамаған. Қайта оның туу себебін іздеп, белгілі бір мистикалық және тылсым күштердің сырын ұғынуға

тырысқан. Өздерін қоршаған әлемді олар құпия мен сырға толы тылсым дүние деп қабылдаған. Осы құпия күшке табынумен бірге одан қорғанудың, сақтанудың амалдарын іздеген.

Мистикалық, сакральдылық мәселелер қай кезде де ойшылдар мен ғалымдарды толғандырып келеді. Өйткені ол адамзат үшін құпияға толы әлем болды. Мұның ең басты себебі «киелілік» ұғымының діни мәселелермен тығыз байланысты болуында еді. Киелілік – бұл архаикалық ойлаудың жемісі. Сол себепті ол ғылымда дүниені танудың нақты категориясы ретінде қарастырылады. Мифтік сана дәуірінен келе жатқан фольклор мен кейінгі авторлық әдебиетте «кие» ұғымының кең көрініс табуы әлем халықтарының архаикалық түсінігі мен күрделі философиялық танымынан хабар береді. Соған орай «кие» түсінігі көркем әдебиетте «киелі жер», «киелі ағаш», «киелі тау», «әулие адам», «әулиелі жер», «қасиетті су», «қасиетті шөп», «киелі аң», «киелі құс», т.б. культтік ұғымдарды қалыптастырды.

Негізінен «киелілік» ұғымы жайлы әлем мифологиясында көп айтылады. Ал әлем әдебиетінде зерттеушілерге рухани бағыт-бағдар беретін, философиялық ой тудыратын фольклордың ерекше жанры – миф. Әлемдік әдебиеттануда мифті әлеуметтік-қоғамдық феномен ретінде қарастыру барысында көптеген мектептер (Грим, Кун, М. Мюллер, А. Афанасьев, т.б.) қалыптасты. Мифтің концепциясын мен өзіндік ерекшелігін талдауға байланысты В. Пропп, О. Фрейденберг, А. Лосев, В. Топоров, Ю. Лотман, Б. Успенский, Е. Мелетинский, Д. Низамиддинов, Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, Ә. Марғұлан, Р. Бердібай, Ә. Қоңыратбаев, Е. Тұрсынов, С. Қасқабасов, С. Қондыбай еңбектерін атап өтуге болады. Бұл зерттеулерде әдебиеттегі мифтің символдық табиғатына нақты ғылыми негіздеме берілген.

Кіріспе

Әдебиет тарихында мифология өмірде болып жатқан құбылыстардың себебін шешудің құралы ретінде бір ұлттың генетикалық коды болып табылады. Мифология мен әдебиеттің өзара байланысы ерте кездерде түрлі рәсімдер мен халықтық діни мейрам-мерекелер, діни мистериялар, бейнелеу өнері арқылы танымал болған. Ал қазіргі кезде мифология туралы ғылыми пікірлер мен эстетикалық, философиялық ойлар, фольклористика арқылы жүзеге асырылады. Өзінің бүкіл тарихи даму барысында әдебиет мифтерді көбіне көркемдік-бейнелілік нысан етіп алған. Соның әсерінен мифке деген көзқарас өзгеріп, жаңаша түр, жаңаша образдар мен сюжеттер жүйесі қалыптасып отырған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында әлем әдебиетіндегі киелі жерлерге қатысты мәтіндерге салыстырмалы және жүйелі-құрылымдық талдау жүргізіліп, әлемдік мифология мен көркем әдебиетте көрініс тапқан киелі жерлер образын әр халықтың танымдық тұрғыдан қабылдау үдерісіне интерпретациялық талдау жасау көзделді.

Талдау нәтижесі

Нәтижесінде киелі тау мен киелі ағаш образының әр ұлттың дүниетанымына тән моделі ұсынылып, әлем әдебиетіндегі киелі нысандардың мистикалық, мифологиялық және сакралдылық қасиетіне талдау жасалынды.

Талқылау

Ерте замандардан бері киелі тау мен әулие ағашқа табыну культі адамзат өркениетінің рухани символының бірі ретінде ең құпия, ең әмбебап құбылыс болып табылады. Сол себепті киелі тау, әулие ағаштарға табыну ғұрпының тарихы тым әріде жатыр. Яғни ол өзіндік сыр-сипаты жағынан әлемдік мәдениеттануда көпқырлы, өте бай, мазмұны терең дүние ретінде танылады. Сол себепті ғалымдар атап көрсеткендей, «киелі нысандар этникалық және ұлтаралық сәйкестіктің критерийі болып табылады, өйткені олар этникалық сана мен ата-бабалардан келе жатқан дәстүрлерді құрметтейді, тарихи жерлер мен ұлы тұлғаларды құрметтеу арқылы ұлттық қасиеттілікті көрсетеді» [1, 77 б.].

Табиғатқа табынуға сүйенетін әр түрлі діни сенімдер көне халықтардың өмірлік танымдарын өзгертіп, олардың тұрмысы мен дәстүр-салттарына тікелей ықпал еткен. Әр халықтың дүниетанымында таулар адамдарға рухани-табиғи күш беретін, сананы қозғайтын, сиқырлық қасиеті бар мекен ретінде суреттеледі. Оған дәлел ретінде Грекиядағы Олимп тауын алуға болады.

Олимп тауы – әдебиет пен тарихта көп бейнеленген ең танымал таулардың бірі. Ол ежелгі грек мифологиясы арқылы бүкіл әлемге танылды. Грек мифологиясында Олимп тауы үлкен ғаламат күшке ие, Зевс бастаған 12 Құдай мекендеген орын ретінде суреттеледі. Діни сенімдерге сәйкес XX ғасырға дейін оның басына адамзат баласы мүлдем шықпаған. Адамдар қасиетті тауды отжалын шарпып жатқан биіктікте орналасқан және де оны қорғайтын мифтік күзетшілері бар деп түсінген. Ежелгі грек мифологиясын зерттеген Н. Кун киелі тауды былай деп суреттейді: «...Надо всею землей царит гора Олимп. Высоко над Олимпом широко раскинулось голубое, бездонное небо, и льётся с него золотой свет. Ни дождя, ни снега не бывает в царстве Зевса; вечно там светлое, радостное лето. А ниже клубятся облака, порой они закрывают далёкую землю. Там, на земле, весну и лето сменяют осень и зима, радость и веселье сменяются несчастьем и горем. Правда, и боги знают печали, но они скоро проходят, и снова водворяется радость на Олимпе» [2]. Берілген үзіндіден байқағанымыздай, Олимп тауы күн нұры төгілген, уайым-қайғысы жоқ, тек Құдайлар ғана мекендейтін жұмақ мекен. Таудың басынан Зевс адамдарға өзінің сыйын үлестіріп, жердегі тәртіпті бақылап отырады. Адамдардың бақыты мен тағдыры, өмірі мен өлімі, жақсылығы мен жамандығы барлығы соның қолында. Егер бір адам жердегі орнатылған тәртіпті бұзса, Зевс құдай ашуланады. Сол кезде күн күркіреп, найзағай жарқылдап, алып Олимп тауы шайқалады. Ақын О. Шарко жырлағандай:

...На Олимпе прекраснейшем – вечное лето,
Круглый год сад Олимпа в цветах и с плодами...
... Никогда не бывает дождя там и снега,

В царстве Зевса всегда тепло и лучисто... [3].

Өлең жолдарынан байқағанымыздай, бұл жерде Олимп әлемнің түп қазығы ретінде суреттелген. Ол өзінің билеушісі Зевс арқылы бүкіл әлемге билік жүргізіп отыр. Сол себепті оған адам баласының қолы жетпейді. Бұдан біз әлемдік таудың атқаратын мифологиялық функциясының да сан қырлы екенін байқаймыз. Киелі тау бейнесі арқылы әлемнің барлық келбеті көрініс тауып, әлем бейнесі, яғни ғалам моделі қалыптасады. Өзінің орналасу ретіне қарай тау ғаламның дәл ортасында, жоғарғы жағы Қиыр шығыс жұлдызына қол созса, төменгі жағы қасиетті жерге тіреледі, ал бастау бұлағы жер кіндігіне келеді. Сондықтан мифтерде тауларды жоғарғы әлем мен төменгі әлемді жалғастырушы бөлік деп қарайды. Олимп бұл – сән-салтанаты келіскен табиғи әлем, яғни аспанмен тілдескен, қара жерге табан тіреген, үлкен кеңістікте орналасқан тұтастай әлем ретінде сипатталады.

Киелі жерлер – кез келген этностың таным-түйсігіндегі образдық және эстетикалық жүйесінің басты факторларының бірі. Соған орай қасиетті жерлердің ең көркем деталі әр халықтың рухани-мәдени дәстүрінде образды-поэтикалық көрініс тапқан. Әдебиетте ұлттық образдарды зерттеуші Г. Гачев ақын М. Кенин-Лопсанның өлеңін талдау барысында тауды түйеге ұқсатады. Осындай салыстыру арқылы автор бұл образды «өзіндік көшпелі мәдениеттің символы, әлем моделі» деп көрсетеді. Автордың пікірінше, әр ұлт үшін ең қымбат, ең қасиетті ұғым-түсініктер болады. «Первое, очевидное, что определяет лицо народа – это природа, среди которой он вырастает и совершает свою историю. Она – фактор постоянно действующий. Тело земли: лес (и какой), горы, пустыня, тундра, вечная мерзлота или джунгли, климат умеренный или с катастрофическими изломами, животный мир, растительность – предопределяет и последующий род труда (охота, бортничество, скотоводство-кочевье, земледелие, торговля, мореплавание и т.д.). Здесь коренится и образный арсенал литературы, обычно очень стабильный» [4, с. 47].

Киелі жерлер ерекше, қасиетті статуска ие. Бұл адамдар мекен ететін күнделікті жерлерге қарағанда, ерекше және қасиетті күштермен байланыс жасауға арналған кеңістікті нысан. Діни санадағы киелі жер дегеніміз жоғарғы сенім құндылықтарын білдіреді. Сол себепті тау адамдардың бойында қорқыныш, табыну сезімін оятады. Олардың мифологиялық түсінігінде тау – ерекше сый мен құрмет көрсетуді талап ететін рухтар мен құдайлардың жердегі қонысы, магиялық күштердің шоғырланған жері.

Әлемде ағаштың символдық қасиетіне, оның танымдық кескін-келбетіне табынбаған бірде-бір ұлт жоқ шығар. Ағаш әлемдік символ ретінде өз бойында сан салалы ұғымдар мен түсініктерді, құпия сырларды тоғыстырып келеді. Оның осы қызметі арқылы шындық дүниені танып-білуге болады. Ол Көк аспан мен Жер ананы жалғастырушы дәнекер есебінде әлемнің орталық нүктесі қызметін атқарған. Сонымен бірге адамзат баласының жаңару, өсу, жаңғыру секілді өмірлік кезеңдері туралы хабар береді.

Әлемдік ағаштың құрылымы әлемдік кеңістіктің үш бөліктен тұратынын білдіреді. Егер ағашты тігінен бөлсе, оның төменгі (түбірі – жер асты әлемі) орта

(ағаштың діңгегі – жер үсті әлемі), жоғарғы (ағаштың ұшар басы – аспан патшалығы) бөліктерге бөлінетінін байқауға болады. Соған сәйкес архаикалық мифтер мен рәсімдерде әлемдік кеңістіктің үш бөлігіне жататын мифологиялық бейнелер мен аң-құстар образдары бейнеленеді. Әдетте, жоғарғы әлеммен құстарды (ақбас бүркіт, самұрық), орта әлеммен жануарларды (ат, қасқыр, бұғы, т.б.), төменгі әлеммен хтоникалық (жер асты) жануарлар (жылан, құрбақа, балық) мен мифологиялық құбыжықтарды байланыстырады. Әлемнің құрылымы туралы мұндай түсініктер көптеген халықтардың мифопоэтикалық мәтіндерінде батырдың жер астына саяхат сарыны түрінде кездеседі. Мәселен, гректердегі Орфейдің жер астына саяхаты немесе Гомердің «Одиссеясындағы» Одиссейдің Аид патшалығына баруы, қазақтың «Ер Төстік» ертегісіндегі батырдың жер астына саяхаты, жылан Бапы Ханмен кездесуі, т.б.

Әлем ағашының образы тек қоршаған дүниенің кеңістіктегі құрылымынан ғана хабар бермейді, сонымен бірге ол адамзат баласының мифологиялық санасы үшін де әмбебап мағынаға ие. Осы образдың көмегімен уақыт категориясындағы өткен, бүгін және болашақ туралы түсініктерді ажыратуға болады. Генеалогиялық тек тұрғысынан ол ата-бабаларымыздың, қазіргі адамдардың және болашақ ұрпақтың байланысынан хабар береді. Ал әлемді танудағы архаикалық түсінік үшін киелі ағаштың ұштағандық құрылымының басқа да мән-мағыналары бар. Олар: адам денесінің үш бөлігі (басы, денесі, аяғы); табиғаттың үш стихиясы (от, жер, су). Әлем ағашына қатысты халық санасындағы мұндай ұғым-түсініктердің бірнешеуін келтіруге болады. Себебі, әлем ағашының киелі бейнесі арқылы мифологиялық дәуірде өмір сүрген адамдардың қоршаған әлемге қатысты бүтіндей көзқарасын айқындауға болады. Мәселен, Еуропа елдерінің фольклорында адам-ағаш немесе жасыл адамдар секілді образдар кездеседі. Сол секілді славян халықтарының қиял-ғажайып ертегілерінде ағаш кейіпкерге жол көрсетуші, көмектесуші қызметін атқарады.

Әлемде кеңінен таралған мифологиялық түсініктерге қарағанда, әлем ағашы ғаламдық кеңістіктің ең маңызды киелі нүктесінде, яғни оның орталығында орналасады. Мысалы, қазақ халқының мифологиясында алып бәйтерек үш әлемді байланыстырушы дәнекер, киелі нысан ретінде суреттеледі. Әулие ағаштарға табыну ғұрпын зерттеген Б. Қанарбаева өз зерттеуінде осы мәселеге байланысты былай деп сөз қозғайды: «...Ешқандай тіршілік белгісі жоқ жерлерде өз бетінше жайқалып өсіп тұрған ағаштарды «киелі» деп табынған. Ондай ағаштарда қасиет бар деген сеніммен мал сойып, құрбандық шалып, басына түнейтін болған. Оның тағы бір себебі адам өлгеннен кейін де оның жаны (аруағы) өмір ағашымен бірігіп өмір сүреді деген ұғымды қалыптастырған. Сондықтан әулие ағаштардың басына түнеп, құрбандық шалуға келгендер бойларындағы кеселден құтылу үшін түрлі тілектер тілеген. Ол кейін де жалғасып отырған, бірақ әуелгі сенім көнере келе, о дүниеде де осындай ағаштың саясында жатсын деген түсінікпен қайтыс болған адамдардың бастарына ағаш егетін болған...» [5, 127 б.]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, халқымызда ертеден-ақ ағашты мәңгіліктің символы ретінде әулие тұтып, дәріштеп, қастерлеп, оған сыйына білген. Тіпті әулетке түскен «жас келінді әулие ағаштың басына ертіп

апарып, бұлаққа апарып теңге тастатып, ағашқа ақ шүберек байлатқан» [5, 129 б.]. Ел арасында қалыптасқан мұндай дәстүрлер ағаштың бойында өзіндік қасиет пен мистикалық күш бар деген түсініктен туған. Мұндай көріністер қазіргі әлем әдебиетінде де кездеседі.

Кез келген елде ағаш образы әлемнің бірлігінен хабар береді. Көптеген әлемдік танымал жазушылар мен ақындар өз шығармашылығында ағаш бейнесіне ерекше мән берген. Өйткені, ағаш бейнесі көне замандардан ең әмбебап құбылыс ретінде әлемдік өркениетте маңызды рөл атқарған. Ал адамзат баласы ағаштың адам секілді жаны бар деп түсінген. Себебі, орасан мистикалық күші бар құбылыс ретінде ағаш әлемнің универсалды тұжырымын (концепциясын) жеткізетін мифопоэтикалық образ. В. Топоров айтқандай, «В течение весьма длительного времени этот образ определял модель мира человеческих коллективов Старого и Нового света. Обряд дерева засвидетельствован и в чистом виде, и в форме локальных видов – «дерево жизни», «дерево плодородия», «дерево центра», «дерево восхождения», «небесное дерево», «дерево предела», «шаманское дерево», «мистическое дерево», «дерево познания» и т.п. [6, с. 324]. Мәселен, американ жазушысы Р. Брэдбери мен қазақ жазушысы Т. Шапайдың «Әулие ағаш» әңгімесінде әлем ағашының символдық бейнесін жан-жақты қарастырылады.

Әңгімеде аты аталған әр ағаштың әлем мәдениетінде өзіндік символдық мәні бар. Мысалы, емен славян елдерінде жердің кіндігін (ось мира) білдіретін қасиетті ағаш деп саналған (Додондағы Зевстің емені, Римдегі Юпитердің емені, славяндардағы Перун емені). Соған сәйкес оның жанында түрлі діни рәсімдер өткізген. Ежелгі Греция, Германия, Скандинавия елдерінде еменді адамдарды найзағайдан қорғайтын ғаламат күш ретінде есептеген. Гректер еменді Аполлонның, ал римдіктер Юпитердің қасиетті ағашы деп есептеген [7, с. 89]. Ал балқарағай ағашына ежелгі шумерліктер құдырет пен күштің символы ретінде өмір ағашы ретінде қараған. Гректер бұл ағашты мүсін жасау өнерінде пайдаланған. Ливандықтар кедрды ежелден өз халқының символы ретінде есептеген. Бұл сакральды ұғым кедрдың мәңгі жасыл болуынан шыққан [7, с.132].

«Әулие ағаш» әңгімесінде аспанға бағытталған жол-сатының, жер мен көкті біріктіріп тұрған дәнекердің баламасы – Әулие ағаш (Әлемдік ағаш, Өмір Ағашы). Жазушының әңгімесінде *әулие ағаш* орталық образ ретінде мың жылдар бойы адам өмірінің жақсылығы мен жамандығына, қуанышы мен қайғысына куә болып келді [8].

Р. Брэдбери мен Т. Шапайдың әңгімесіндегі жер мен көк концептісі адамның өзін өзі тану жолы, адам рухының кемелдікке мәңгілік ұмтылысы сияқты әңгіменің негізгі сюжетіне бағынатын көптеген ассоциация тудыратынын (көктегі әлемдер – Күн, аспан, Ай, жоғары-төменнің (жоғарғы әлем мен төменгі әлем), түнек-жарықтың, ішкі-сыртқының, екіжақтылықтың, өмір мен өлімнің, өң мен түстің, т.б. бинарлық жұптар қарсылығы) атап өту керек.

Қорытынды

Сөзімізді түйіндер болсақ, адамның өмірдегі мәні, адам тағдыры туралы әңгіме өрбіткенде, әрдайым қоршаған ортаға, әлеуметтік қоғамға мән беру қажет. Көркем әдебиеттегі киелі тау мен әулие ағаш трансформацияланған рухани құндылық түрі ретінде адам жанын нұрландырушы орталық болып саналады. Адамзат баласы киелі тау мен әулие ағашқа табыну арқылы көк аспанмен тілдесіп, қара жермен байланыс орнатады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қасиетті Қазақстан. Бірінші том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 480 б.
- [2] Кун Н.А. Легенды и мифы Древней Греции. – Москва: Эксмо, 2021. – 576 с.
- [3] Шарко О.Н. Боги Олимпа. Царство мрачного Аида./– <http://www.stihi.ru/2015/07/07/2949>.
- [4] Гачев Г. Национальные образы мира. – Москва: Советский писатель, 1988. – 448 с.
- [5] Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2004. – 288 б.
- [6] Топоров В.Н. Мировое дерево: Универсальное знаковые комплексы. Т.2. – Москва: Рукописные памятники Древней Руси, 2010. – 496 с.
- [7] Багдасарян В.Э., Орлов И.В., Телицын В.Л. /Под ред. В.Л.Телицына/. Символы, знаки, эмблемы: Энциклопедия. – <https://www.liveinternet.ru/>
- [8] Шапай Т. Әулие ағаш / Әңгіме. – adebiportal@gmail.com.

REFERENCES

- [1] Qasietti Qazaqstan. Birinshi tom (Sacred Kazakhstan. Volume One.).Almaty: «Arys» baspasy, 2017. 480 b. [In Kaz.]
- [2] Kuhn N.A. Legendy I mythi Drevnei Gresyi (Legends and myths of ancient Greece). Moskva: Eksmo, 2021. 576 s. [In Rus.]
- [3] Sharko O.N. Bogi Olympa. Sarstvo mrachnogo Aida (Gods of Olympus. The kingdom of Hades) [<http://www.stihi.ru/2015/07/07/2949>]. [In Rus.]
- [4] Gachev G. Nasionalnye obrazy mira (National images of the world). Moskva: Sovetskij pisatel', 1988. 448 s. [In Rus.]
- [5] Kanarbayeva B. Kazaktyn nanym-senimderinin folklordagy korinisi (Reflection of Kazakh beliefs in folklore). Studies. Almaty: Jazuşy, 2004. 288 b. [In Kaz.]
- [6] Toporov V.N. Mirovoe derevo: Universalnoe znakovye komplekсы (The world tree: Universal sign complexes). Vol. 2. Moscow: Manuscript monuments of ancient Russia, 2010. 496 s. [In Rus.]
- [7] Bagdasarian V.E., Orlov I.V., Telitsyn V.L. / Edited by V.L. Telitsyn. Символы, знаки, эмблемы: Энциклопедия. (Symbols, signs, emblems: Encyclopedia). <https://www.liveinternet.ru/> [In Rus.]
- [8] Shapai T. Aulie agash/angime (Sacred tree / story). – adebiportal@gmail.com. [In Kaz.]

ОБРАЗ СВЯТОЙ ГОРЫ И СВЯЩЕННОГО ДЕРЕВА В МИРОВОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

*Юсуп А.Н.¹, Танжарыкова А.В.², Юсуп П.К.³, Куттыбаев Ш.Д.⁴

*¹Старший преподаватель КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан,
e-mail: ayzhan.yusup@mail.ru,

²Профессор КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан,
e-mail: alua1973@mail.ru,

³Старший преподаватель КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан,

e-mail: farhat.yusup.70@mail.ru,

⁴ Старший преподаватель КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан,
e-mail: shokan-kuttybaev@mail.ru

Аннотация. Мистические, сакральные проблемы, неизвестные человечеству, наполненные тайной, всегда глубоко волновали всех мыслителей и ученых. Поэтому сакральные места стали предметом изучения различных областей науки, приобрели актуальность для изучения, познания их таинственной силы. Цель представленной статьи – проанализировать художественное выражение образа святых гор и святого дерева в мировой литературе. Предполагается проведение экспертизы представлений о тайнах творения и тайнах природы, характерных для сакральных мест.

При написании исследовательской работы использовались методы сравнительного, структурного, интерпретационного анализа. В основном в мифологии мира образ Святой земли играет важную роль как архетипический образ, передающий богатое послание от процесса исторического развития, национального познания каждого народа. В народной памяти не угасает интерес к священным местам и объектам. В соответствии с этим и сегодня сохранилась традиция ночевать в святых местах, покоиться на священных деревьях, священных горах и т.д. Результатом работы можно назвать всесторонний анализ связей между человеком и природой, человеком и святым объектом в текстах о священных объектах в мифологии мира, в частности о священных горах и священных деревьях, влияние изображения святых мест на человечество. В соответствии с этим определяются авторские идеи и творческие концепты, породившие современные общественные мысли в художественной литературе. Научная ценность исследовательской работы выражается в анализе мифических мотивов в художественном тексте, философского подтекста символов-образов и особенностей народного мышления. Полученные результаты можно взять за основу в ходе анализа образов художественного произведения на уроках литературы и интерпретационного анализа студентов как читателей.

Ключевые слова: мифология, сакральность, святая земля, мифическое сознание, архетип, священная геотопика, символ, познание.

THE IMAGE OF THE HOLY MOUNTAIN AND THE SACRED TREE IN WORLD LITERATURE

*Yusup A.N.¹, Tanzharykova A.V.², Yusup P.K.³, Kuttybaev Sh.D.⁴

^{*1}Senior lecturer of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: ayzhan.yusup@mail.ru,

²Professor of Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: alua1973@mail.ru,

³Senior lecturer of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: farhat.yusup.70@mail.ru,

⁴Senior lecturer of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan, e-mail: shokan-kuttybaev@mail.ru

Abstract. Mystical, sacred problems, unknown to mankind, filled with mystery, have always deeply worried all thinkers and scientists. The refore, sacred places have become the subject of study in various fields of science, have become relevant to the study, knowledge of their mysterious power. The purpose of the presented article is to analyze the artistic and figurative expression of the image of holy tree and mountain in world literature. On its basis, it is supposed to conduct an examination of ideas about the secrets of creation and the secrets of nature, characteristic of sacred places.

When writing a research paper, methods of comparative, structural, and interpretive analysis were used. Basically, in the mythology of the world, the image of the Holy Land plays an important role as an archetypal image that conveys a rich message from the process of historical development, the national knowledge of each people. Interest in sacred places and objects still does not subside in the people's memory. In accordance with this, the tradition of spending the night in holy places, resting on sacred trees, sacred mountains, etc. has been preserved today. The result of the work can be called a comprehensive analysis of the links between man and nature, man and a holy object in texts about sacred objects in the mythology of the world, in particular about sacred mountains and sacred trees, the influence of the image of holy places on humanity. In accordance with this, the author's ideas and creative concepts that gave rise to modern social thoughts in fiction are determined. The value of the research work is expressed in the analysis of mythical motifs in a literary text, the philosophical subtext of symbols-images and the peculiarities of folk thinking. The results obtained can be taken as a basis in the course of figurative analysis of a work of art in literature lessons and interpretive analysis of students as readers.

Keywords: mythology, sacredness, holy land, mythical consciousness, archetype, sacred geotopic, symbol, knowledge.

Статья поступила 31.07.2022